

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Сауалнама қорытындысы бойынша, оқу процесіндегі үлгерім мен бейімделу сұрағына келгенде балаға отбасыдағы бала саны маңызды емес, отбасыдағы асыраушы саны маңызды, себебі студенттердің арасындағы тек жалғыз асыраушысымен қалғандар оқу үлгерімі орташа топқа жатты.

Оқу үлгерімі жақсы және орташа отбасыларда кіріс мөлшері тұрақты түрде орташа көрсеткішті көрсетті. Ал, оқу үлгерімі төмен топта үлкен контраст болды, яғни екі студент отбасы кірісін төмен деп көрсетсе, қалған студенттердің жартысынан көбі кіріс мөлшерін жоғары етіп бағалаған. Яғни, кіріс төмен не жоғары болғандығы бұл отбасылардағы жұмысбасты ата-аналардың не жақсы, не төмен материалдық жағдайда болып, көп жұмыс істеп, балаларына тиісті уақыт бөле алмай қалғандығы.

Ата-ананың баланың оқу процесіне тигізер әсері осы аспектіде ғана айқын байқалды. Оқу үлгерімі нашар топ студенттері арасында 70%-дан көбінде араласпау тәрбие жүйесі, яғни, ата-ананың баласының сабағына немқұрайлығы өз кезегінде бала үлгеріміне әсерін тигізді.

Оқу үлгерімі орташа топтарда тең жартысы ынтымақтастық тәрбие жүйесін таңдаған, яғни студенттер ата-аналарымен белгілі бір ынтымақтастыққа отырып, өздеріне тиімді приоритеттерді таңдау арқылы, оқу үлгеріміне жоғарғы топ студенттерді секілді аса көп мән бермеген.

Ал, оқу көрсеткіші жоғарыны құрайтын студенттер арасында ынтымақтастық, араласпау, қамқоршылық тәрбие жүйелері теңдей көрсеткішті көрсеткен. Бұл көрсеткіш түрлі жағдайларға байланысты: баланың өз ішкі мотивациясы, сыртқы мотивациясы, тым бөлінген ата-ана тарапынан назар. Келесі зерттеулерде оқу үлгерімі жоғары оқушылардан сауалнама алу барысында осы аспектілерді қамтуға болады.

Қорытындылай келе, зерттеу жүргізе отырып, мен ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы түсінуге, қабылдауға және тануға негізделген, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейімен, оң көзқарастарымен, әлеуметтік ашықтығымен және т. б. сипатталатын отбасыларда баланың белсенділігін, тәуелсіздігін, бастамашылығын дамытуға бағытталған, тұтастай алғанда баланың оқу іс-әрекетінде үлгерімі үшін қажетті психологиялық жағдайлар жасалады деген қорытындыға келдім. Ал ата-аналық қатынастың деструктивті түрі бар отбасылардағы балалар (қамқоршылық, диктат және араласпау) мектептегі үлгерімінің төмендігімен сипатталады [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
2. М.Жұмабаев. Педагогика. Қызылжар, 1922. - 148 б.
3. Андреева О. Интернет-журнал “Науковедение”. Оренбург, 2014.
4. Щеголева Т. Интернет-форум “Алые паруса” Санкт-Петербург, 2015. Влияние семейных отношений на успеваемость школьника/Образовательная социальная сеть (nsportal.ru)

ӘОЖ 376.1

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Төлеген Мейірім

meiramzko07@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Педагогика және психология» ББ 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Стыбаева А.Ш.

Бүгінгі таңда барлығына сапалы білім алуға қол жетімділік жағдайларын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін қайта құру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру – бұл сапалы білімге тең қолжетімділікті және олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында кедергілерді жоюға және білім беруде ерекше қажеттіліктері бар барлық адамдарды білім беру қызметіне қосуға бағытталған процесс [1].

Қазақстандық ғалымдар З.А.Мовкебаева, Г.С.Оразаева, А.Н.Аутаева, З.Н.Бекбаева және басқалардың инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты көзқарастарын талдау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде дамудың жалпы, ерекше (әр түрлі бұзылулар кезінде) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін ескеру қажет екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, балалар білім алатын ортаның да маңызы зор екендігін атап айтқан жөн.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – бұл әр оқушының білім алуында жоғары нәтижелілікті қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік болып табылады [2, 118].

Жалпы білім беретін мекемелерде білім алуда, яғни инклюзивті ортада білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалар құрдастарымен қарым-қатынас жасап, табиғи ортада өзара әрекеттесу дағдыларымен алмасады және топтық білім алу іс-әрекетіне қатысады. Инклюзивті сыныптарда оқитын дамуында шектеуі жоқ балалардың қарым-қатынас және мінез-құлық дағдылары анағұрлым дамыған, бұл ерекше балалардың тұлғалық дамуына жағымды әсер етеді. Осылайша, инклюзивті білім беру ерекше баланы жалпы білім беретін мекемелерде қолжетімді түрде білім алуына, оны қоғамнан оқшаулау, қарым-қатынас шеңберін шектеу мәселелерін шешеді [3, 55].

Көптеген ғалымдар мен практиктер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша бірлескен қызметке тарту инклюзивті білім берудің тиімділігін едәуір арттыратынын атап өтті. Ерекше білім беру қажеттіліктеріне мұқтаж балалардың жеке тұлғалық және жалпы қабілеттерінің дамуы, көбінесе белгілі бір іс-әрекеттің, оның ішінде оқу іс-әрекетінің нәтижелігіне әкеледі.

Көптеген ғалымдар (философтар, педагогтар, психологтар) мен практиктер «қабілет», «шығармашылық қабілет» ұғымдарының мәнін анықтауға әрекет жасады.

Бұл әрекеттердің нәтижесінде жалпы және арнайы қабілеттерді зерттеу әдістемесі әзірленді, сондай-ақ ғалымдармен құнды эмпирикалық материалдар жиналынды, оның толық талдауы мен мазмұнына түбегейлі түсіндірме берілді. Бүгінгі таңда қабілеттер психологиясы, оның ішінде шығармашылық қабілеттер, арнайы педагогикалық және психологиялық ғылымның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Осылайша, қабілеттердің мәні мен мазмұны анықталынып, оның құрылымы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде әзірленді және ұсынылды. Алайда, бұл әзірлемелер аксиома емес, өйткені әр ғалым қабілеттердің болмысы мен көлемі, құрылымы жөнінде өзіндік пікірде болады. Сондай-ақ, білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың қабілеттерін дамыту мәселесі 50, 100 жыл бұрын соншалықты өткір болмағанын айтқан жөн. Демек, осы бағытта жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, қабілеттерді зерттеу мәселесі өзектілігін жоғалтпайды.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мәселесін талдау көрсеткендей, тұрмыстық санада олар әр түрлі көркемдік іс-әрекеттің қабілеттерімен - сурет салу, мүсіндеу, ән айту, музыка мен өлеңдер жазу, әдемі қолөнер туындыларын жасау және т.б. қабілеттерімен байланыстырылады.

Кеңес ғалымдарының пікірінше (Б.М.Теплов, Л.С.Выготский, В.Д.Шадриков, В.А.Крутецкий, Н.В.Квач, А.Н.Лук, Д.Б.Богоявленская және т.б.) шығармашылық қабілеттер – бұл әртүрлі шығармашылық қызметтерді жүзеге асырудың креативтілігін анықтайтын адам қасиеттерінің индивидуалды ерекшеліктері.

Біздің жағдайда, шығармашылық тұлғаны қарастыруды субъектінің шығармашылық қабілеттері мен денсаулық жағдайын зерттемей жүргізу мүмкін емес. Бүгінгі күнде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерінің құрылымына келесі тәсілдер кең таралған:

- факторлық нұсқада шығармашылық қабілеттер құрылымының модельдерін құру;
- танымдық процестердің жұмыс істеу критерийі бойынша шығармашылық қабілеттерді құрылымдау.

Инклюзивті ортадағы шығармашылық тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, ең біріншіден, көптеген ғалымдардың адам қабілеттері мәселесін шығармашылық тұлға проблемасына дейін азайтатындығына байланысты: ерекше шығармашылық қабілеттер болмайды, тек белгілі бір мотивация мен қабілетке ие жеке тұлға бар. Яғни, егер зияткерлік дарындылық жеке тұлғаның шығармашылық жетістіктеріне тікелей әсер етпесе, сонымен қоса шығармашылықты дамыту барысында белгілі бір мотивация мен жеке қасиеттердің қалыптасуы шығармашылық көріністерден бұрын болса, онда жеке тұлғаның ерекше түрінің – «Шығармашылық Адамының» болуы туралы қорытынды жасауға болады. [4, 173].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мен оның құрылымына қатысты, жоғарыда аталған тәсілдерді ескере отырып, әлеуметтік-психологиялық тренинг (ӨПТ) маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік-психологиялық тренинг-бұл арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренинг барысында тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері едәуір тиімді шешіледі және коммуникативтік дағдылар қалыптастырылады. ӨПТ-те топтық психотерапияға, медитация, психогимнастика мен релаксация әдістеріне бағытталған түрлі әдістер мен тәсілдер (И.В.Вачков), кері байланыс техникасы (Л.А.Петровская), сонымен қатар топтық жұмыс пен ойын қолданылады (Ю. М. Емельянов). Сондай-ақ, негізгі әдістерге психотерапияның көптеген түрлерін (арт-терапия, ертегі терапиясы, құм терапиясы және т.б.) жатқызуға болады.

А. С. Прутченковтың пікірінше, әлеуметтік-психологиялық тренинг - бұл жеке тұлғаны дамыту, коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, психологиялық көмек пен қолдау көрсету, стереотиптерге ден беру мен қатысушылардың жеке мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы [5].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ӨПТ-ті қолданудың маңыздылығы айқын көрінеді. Практикалық тұрғыда қолдану кезінде қол жеткізілетін нәтижелер осы әдістің қолдану тиімділігін анықтайды.

Бұл жұмыстағы әлеуметтік-психологиялық тренингтің басты мақсаты тренингке қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынас саласында және шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа білім, білік пен тәжірибе алу болып табылады.

Тренингтің басты артықшылықтарының бірі – сабақ кезінде бала өзін ортамен қабылданғанын сезініп, басқаларды да белсенді түрде қабылдайды. Тренинг тобында жұмыстана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушы әртүрлі қарым-қатынас стильдерімен белсенді тәжірибе жасай алады, бұрын мүлдем қолданылмаған өзге коммуникативті дағдылар мен икемділіктерді игеріп, пысықтай алады, сонымен бірге психологиялық қолдауды, жайлылық пен жеке қауіпсіздікті сезінеді. ӨПТ-тің маңызды міндеті - балаға өзін индивидуалды түрде танытуға көмектесу, өзін-өзі қабылдауға және түсінуге үйрену, қабілеттерін дамытуға және қоғамда әлеуметтенуіне көмек беру.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг шығармашылық қабілеттерді дамытуға ынталандырушы серпін бере алады, ол кейіннен адамның шынайы өмірі мен кәсіби қызметі жағдайында көрінуі мүмкін. Тренингтің бұл түрі білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаға өзінің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға, сенімді, табысты, бейімделгіш, креативті және әлеуметтік тұрғыда белсенді болуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс жеке және топтық түрде жүргізіледі

Әлеуметтік-психологиялық тренинг тобының қарқынды жұмыс істеуі үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сабақтарды ұйымдастыратын және өткізетін басшы тренингтің жалпы міндеттерін түсінуі керек:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаны дамыту және қоғамда әлеуметтендіру;
- қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың белсенді әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру;
- өзінің және айналасындағылардың өміріне елеулі өзгерістерді әкелу қабілетін дамыту;
- өзін және басқа балаларды адекватты қабылдау және толық тану қабілетін дамыту;
- жеке қасиеттер мен дағдыларды түзету, нақты және өнімді әрекеттерге кедергі келтіретін кедергілерді жою;
- тұлғааралық өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыру үшін индивидуалды әдістерді меңгеру және қолдану.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен бірлескен іс-әрекет және қарым-қатынас адамдардың өзара әрекеттері мен қарым-қатынастарын реттейтін қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілерін қадағалайтын әлеуметтік нормалары негізіндегі айрықша жүйені қалыптастыратын әлеуметтік бақылау жағдайында жүреді. Оларды бұзушылық нормадан ауытқитын мінез-құлықты түзетуді қамтамасыз ететін әлеуметтік бақылау тетіктерін қамтиды.

Осылайша, әлеуметтік психологиялық тренингтің міндеттері – ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір балаға өзін-өзі жеке әдістерімен танытуға көмектесу; өзін-өзі қабылдауға және түсінуге үйрену; сыртқы және ішкі рефлексияның үйлесімін, баға беру мен өзін-өзі бағалауды қамтамасыз ету; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың кәсіби-тұлғалық дамыту перспективасын құрудың, олардың саналы түрде тек мамандықты таңдау емес, кейінгі өмір жолында өз жолын таңдаудың маңызды құралдарының бірі.

Қорытындылай келе, инклюзивті ортаның шығармашылық тұрғыда дамыған тұлғалар әлеуметтік ортаға, ғылымға және өндіріске тезірек бейімделіп, жаңа қызмет түрлерін сәттірек игеріп, өз жұмысын жақсырақ орындайтынын айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ералиева Х.С. Внедрение инклюзивного образования в Казахстане //Инновационные педагогические технологии: материалы IV Международной научной конференции (г.Казань, май 2016 г.). – Казань: Бук, 2016.
2. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. – Алматы: НПЦ, 2019. - 118 с.
3. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2016. – 55 с.
4. Применение дистанционных образовательных технологий для обучения лиц с ограниченными возможностями здоровья. / Ахметова Д.З., Челнокова Т.А., Мигранова Г.В., Корвяков В.А., Мухамбетов Д.Г. – Алматы: АЭСА, 2014. – 173 с.
5. Прутченков А.С. Социально психологический тренинг. – М.: Пресс, 2001.

ОӘК 178.053

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ульярова Самал
samal-nice@mail.ru